



## АЛҒА НЫҚ ҚАДАМ

Алматыда алғаш рет «ИЫҰ-15 Диалогтық платформа» атты брейнсторминг өтті. Онда Ислам Ынтымақтастық Ұйымына (ИЫҰ) қатысушы елдердің өкілдері ғылым және инновациялық интеграция мәселелерін, сонымен қатар мұсылман елдеріндегі ғылым, техника және инновациялардың дамуына кедергі келтіретін проблемалардың шешу жолдары талқыға салынды. Халықаралық шара еліміздің жетекші университеті әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың бастамасымен ұйымдастырылып отыр.

Plateforme de dialogue  
منظمة التعاون الإسلامي للحوار - 15



Шараға ИЫҰ мүше-елдердің және халықаралық ұйымдардың өкілдері: ғылыми-техникалық ынтымақтастық жөніндегі Министрлер комитеті (COMSTEC), ислам елдері үшін статистикалық, экономикалық және әлеуметтік зерттеулер және кадрлар даярлау орталығы (SESRIC), Ислам Даму Банкі (IDB), Ислам Ынтымақтастық Қоры (ISF), ИЫҰ азық-түлік қауіпсіздігі институты, ИСЕСКО және басқа да ұйымдардың өкілдері қатысты.

Дөңгелек үстелге қатысушылар ИЫҰ-ға мүше елдер үшін өзекті ғылыми және инновациялық қызмет мәселелерін талқыға салып, жүйелі проблемаларды анықтай келе, ИЫҰ-15 мүше елдердің ғылыми қоғамдастығының өкілдерімен бірлесіп ұсыныстар мен шешімдер әзірледі.

Қазіргі заманғы әлем климаттың өзгеруі, қоршаған орта жағдайының нашарлауы, індет, ауру, таза ауыз суға қол жетіспеушілік, азық-түліктің жетіспеушілігі және үздіксіз өңірлік қақтығыстар сияқты бірқатар проблемаларға тап болып отыр. Осыған орай дипломатиялық және техникалық деңгейде халықаралық ғылыми-техникалық ынтымақтастыққа жәрдемдесуге бағытталған күш-жігер мен ресурстарды жандандыру қажет. Кеңес барысында ғылыми-техникалық аспектілері бар мәселелер бойынша пікір алмасу және ұстанымдарды келісу үшін платформаны пайдалану әдістеріне баса назар аударылды.

ИЫҰ және ҚР СІМ Бас хатшылығы ғылыми-инновациялық әлеует пен өзара тиімді әріптестікті ескере отырып, ҚазҰУ-ды «ИЫҰ-15 Диалогтық платформасының» бірінші сессиясын ұйымдастырушы деп таңдауы бекер емес.

«Жаңа идеяларды, өнертабыстарды және біздің алдымызда тұрған көптеген жаһандық мәселелерді шешу, ғылыми-инновациялық қызметті дамыту орталығы адами капиталды қалыптастыру сияқты университеттер болуы тиіс. БҰҰ – ның «Академиялық ықпал» бағдарламасының Тұрақты даму бойынша Жаһандық Хабын қатарынан үш рет басқарған ҚазҰУ жаңа буын «Университет 4.0.» атты қазақстандық ЖОО-ның жаңа даму үлгісін әзірледі. Әл-Фарабидің «Әл-Мәдина әл-фадила» мейірімді қоғамы туралы идеясына негізделе отырып, бұл модель «al-Farabi University Smart City» тұжырымдамасы шеңберінде іске асырылады, сондай-ақ жоғары технологиялық және рухани-адамгершілік платформалардың симбиозына негізделеді».

Дөңгелек үстелге қатысушыларға ҚазҰУ-дың ғылыми-техникалық және инновациялық жетістіктері туралы айтқан университет ректоры бірқатар ұсыныстарды, атап айтсақ: ғылым мен инновацияны дамытуға қосқан үлесі үшін ғалымдарға әл-Фараби халықаралық сыйлығын тағайындау; Дамаск қаласындағы әл-Фараби білім беру орталығында шетелдік студенттерді оқыту үшін ИЫҰ елдерінің білім беру гранттарын тағайындау туралы мәселені қарау; Ислам әлемі елдерінің даналық кеңесін құруды қарауды ұсынды.

Ғалым Мұтанов өз сөзін аяқтай келе, «ИЫҰ-15 құру бастамасы Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Н. Назарбаевтың жеке қамқорлығында және мұсылман үмметінің жаңа даму дәуіріне қарсы тағы бір сенімді қадам болмақ, ал оның рөлін қазіргі заманның жаңа міндеттерін шешу үшін мұсылман мемлекеттерінің күш-жігерін үйлестіруге болады», – деп атап өтті.

Өз тілшімізден

## В цифровом тандеме

В рамках международной конференции Microsoft EdVision 2019 состоялось подписание Меморандума о взаимопонимании компании Microsoft с КазНУ им. аль-Фараби, который призван вывести стратегическое партнерство в области цифровой трансформации университета на новый уровень.

Масштабный форум объединил на своей площадке экспертов в области цифровизации образования из стран СНГ и Европы. Участники конференции смогли поделиться своим успешным опытом цифровой трансформации в области образования и продемонстрировать применение современных технологий в административных и образовательных процессах.

Доклад на тему «Опыт цифровизации в КазНУ имени аль-Фараби» представил проректор по учебной работе КазНУ им. аль-Фараби Аскар Хикметов.

Продолжение на 2 стр.

## Қоғамның негізгі қозғаушы күші

Кезекті ректорат мәжілісінде ҚазҰУ-дың ғылыми-инновациялық қызметінің көрсеткіштерін арттыру бойынша ҒЗИ ЕМК жұмысының тиімділігі турасы талқыға түсті.

«Ғылым – қазіргі қоғамның негізгі қозғаушы күші. Осы ретте университет ғылыми-зерттеу саласының дамуына барынша жағдай жасауда. Оған дәлел ретінде биылғы жылы университетте 500-ден аса жоба іске асырылған екен. Осы ретте ҚазҰУ-дың зерттеу менталдаудың физика-химиялық әдістері орталығы АҚШ, Жапония, Франция сынды мемлекеттердің жетекші университеттерімен әріптестік орнатып, профессорларымен бірлесе жұмыс жасайды. Алдағы уақытта орталық серіктестік орнатқан университеттермен физикалық химия саласын одан әрі дамытуды көздеп отыр», – деді орталық басшысы Болат Кеңесұлы.

Кезекте ҚазҰУ оқытушыларымен бірлесе жарияланған ғылыми материалдар санына тоқталған жаңа химиялық технологиялар және материалдар институтының басшысы Сергей Калугин ОПК халықаралық жобалар мен байқауларға мейлінше көптеп қатысуын қамтамасыз ету аясында жұмыстар жасау қажеттілігін алға тартты. «Алдағы уақытта ҚазҰУ оқытушылары шетелде біліктілігін арттыру үшін арнайы іс-тәжірибеден өтетін болады. Бұл өз кезегінде университет мәртебесін арттырады және оқытушылар мен студенттердің ғылымға деген қызығушылығын оятады. Бүгінде АҚШ, Оңтүстік, Шығыс Азия және Еуропа елдерімен ортақтасып ғылыммен айналысуға арнайы шақыртулар жібертіліп, ортақ ғылыми-жобалар қолға алынды», – деді институт басшысы.

Жалғасы 2-бетте





**Әл-Фараби ғылыми кітапханасында философия және саясаттану факультетінің құрылғанына – 70 жыл толуына орай «Өткенді ұмытпаймыз, бүгінгіні іске асырамыз, болашақты қалыптастырамыз» атты Халықаралық конференция өтті. Шараға университет басшылығы, факультеттің оқытушы-профессор құрамы, түлектері, бакалавриат, магистратура, докторантура бөлімдерінің студенттері мен жас ғалымдар қатысты.**

білім беру жобалары» тақырыбында Сум дипломнан кейінгі білім беру институтымен бірлескен вебинармен ұштастырса, «Үшінші мыңжылдықтың жастары: саясат туралы пікірталастар» тақырыбында саясаттану және саяси технологиялар кафедрасы дөңгелек үстелін өткізді.

Жалпы және қолданбалы психология кафедрасы қоғам үшін тағы бір маңызды тақырыпты талқылады. «Депрессиялық күйлердің психофизиологиялық зерттеулері» атты дөңгелек үстел, студенттердің білімділігін одан әрі шыңдай түсті.

Факультеттің жас ғалымдары «Заманауи Қазақстанда әлеуметтік-гуманитарлық зерттеулердің мәселелері» тақырыбында пәнаралық ғылыми семинарын өткізді. Жас ғалымдар өз зерттеулерімен таныстырып, пікір алмасты. Жалпы, көпшіліктен дәл осындай ғылыми семинарлардың болуы аса маңызды екендігі айтылып жатты.

Факультеттің студенттер кеңесі де өз тартуын жасады. Олар «Философия және саясаттану факультеті мамандықтарының шеруі» атты шығармашылық кеш өткізіп, замандастарына, ұстаздарына, факультет ұжымына керемет көңіл-күй сыйлады.

Жетпіс жылдық мерейтой аясында шараны қорытындылайтын «Өткенді ұмытпаймыз, бүгінгіні іске асырамыз, болашақты қалыптастырамыз» атты Халықаралық конференциясын философия және саясаттану факультетінің деканы Әлия Масалимова жүргізіп, алғы сөзді әлеуметтік даму жөніндегі проректор Шолпан Жаманбалаеваға берді.

# ЖЕТПІС ЖЫЛДЫҚ БЕЛЕС



еліміздің барлық салаларында табысты қызмет етіп, танымал тұлғаларға айналды және өздерін осы факультет түлектері екенін әрдайым мақтан тұтады. Факультет қазіргі заманғы жоғары білім беру мекемелеріне қойылатын талаптардың барлығын жемісті жүзеге асырып отыр, – делінген ректордың құттықтау хатында.

Университет ректоры Ғ.Мұтановтың 2019 жылғы 22 қарашадағы №578 бұйрығы негізінде, ҚазҰУ-дың 85 жылдық мерейтойына орай тағайындалған «Ерен еңбегі» медалімен факультеттің бірқатар ардагер қызметкерлері марапатталды. Олар, пед. және психолог. ғ. д., жалпы және қолданбалы психология кафедрасының профессоры Қ. Жарықбаев, ф.ғ.к., ә.ғ.д., әлеуметтану және әлеуметтік жұмыс кафедрасының профессоры К.Биекенов, саясаттану және саяси технологиялар кафедрасының доценті А. Лұқпанов, ф.ғ.д., философия кафедрасының профессоры М.Хасанов, ф.ғ.д., дінтану және мәдениеттану кафедрасының профессоры Т.Ғабитов, педагог. ғ.д., педагогика және білім беру менеджменті кафедрасының профессоры А. Құсайынов, педагог. ғ.д., профессор Ж. Түрпенов. Сондай-ақ, университет ректоры факультеттің бірқатар серіктестеріне Алғыс хатын жолдаған.

Факультет деканы А. Масалимова: "Факультет білім мен мәдениеттің, философияның, мәдениеттану, дінтану, әлеуметтану, психология, педагогика, саясаттану ғылымдары дамуының базасы болып қана қоймай, университеттегі барлық мамандықтардың методологиялық бағыттаушысы рөлін атқаруда. Сонымен қатар ол Орта Азия аймағындағы философиялық білім берудің жетекші орталығы болып табылады.

Философия және саясаттану факультетінің ұжымы жеткілікті түрде жоғарғы шығармашылық әлеуетімен, жауапкершілігімен, өзінің кәсібіне және университетіне берілгендегі ерекшеленеді", – деп факультеттің жетпіс жылда жүріп өткен жолымен таныстырып өтті.

Факультеттің 70 жылдық мерейтойын шет елдік ғалымдар да құттықтаған. Олар

профессор, философия ғылымдарының докторы Альбер Фишлер (Франция, Фонтаньбо), Огайо университетінің докторы, профессор Джеймс Петрик (АҚШ, Огайо), Ресей ғылым академиясының философия институтының профессоры Наталья Смирнова (Ресей, Мәскеу), Оттава университеті PhD, профессор Махмуд Масейли (Канада, Оттава), философия ғылымдарының докторы, Қалмақ мемлекеттік университеті профессоры Валерий Бадмаев (Ресей, Элиста), Бостон колледжінің деканы, профессор Ядама Гаутам, Калифорния мемлекеттік университетінің профессоры Натан Карр және тағы басқалар. Бұл факультеттің халықаралық байланыстағы белсенді қызметі мен әріптестігін көрсетсе керек.

Мерейтоймен факультетті құттықтай келген ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты директорының орынбасары, ф.ғ.д., профессор Серік Нұрмұратов: "Жетпіс жылдық мерейтой әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың философия және саясаттану факультетінің ұстаздары мен шәкірттері үшін ғана емес, сонымен қатар жалпы қазақстандық зиялы қауым үшін елеулі оқиға. Бүгінде факультет халықаралық үлкен беделге ие. Осы бағыттағы еңбектеріңіз ары қарай жемісті болсын", – деп ақ тілегін білдірді.

Сондай-ақ, мерейтойлық шарада елімізге белгілі ғалымдар мен саяси, әлеуметтік орталықтардың басшылары сөз сөйлеп, құттықтау хаттарын табыстады. Шара соңы музыкалық бағдарламамен жалғасты. Ал кітапхана фойесінде өткізілген алты факультеттің ғылыми-танымдық көрмесі мен факультетті басқарған декандар мен оқытушы-профессорларға қойылған фотокөрме келген қонақтарға, түлектерге, студенттерге үлкен әсер қалдырды. Мерейтойың құтты болсын, философия және саясаттану факультеті!

**Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ,**  
философия кафедрасының  
3-курс PhD докторанты



жағдайы мен оның даму перспективалары» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясын ұйымдастырды. Бүгінде дінтану және мәдениеттану кафедрасы бірегей рухын сақтап, өзінің кәсіби мәртебесін нығайтып, егеменді Қазақстан алдында тұрған міндеттерге сай заманнан қалыспауға тырысады.

Мерейтойлық шаралар аясында, педагогика және білім беру менеджменті кафедрасы да белсенділік көрсетті. Олар «Халықаралық

Проректор университет ректоры Ғ. Мұтановтың құттықтауын жеткізді.

–Философия және саясаттану факультеті-еліміздегі әлеуметтік-гуманитарлық пәндер бойынша білім беретін орталықтардың бірегейі және күрделі ғылым ордасы. Тәуелсіз Қазақстанның болашақ мамандарының біліктілігін қалыптастырып, таным көкжиегін кеңейтуде және ізгі қоғамның ізгі тұрғынын тәрбиелеуде факультеттің үлесі өте зор. Факультет қабырғасында білім алған түлектер



2020 жылы ұлы ойшыл, шығыстың Аристотелі атанған, атақты жерлесіміз Әбу Насыр Мұхамед ибн Тархан ибн Узлағ әл-Фарабидің туғанына 1150 жыл толады. Ауқымды шараға байланысты мемлекет басшысы Қ.Тоқаев әл-Фарабидің мөрейтейға дайындалу және өткізу жөніндегі мемлекеттік комиссиясын құрды. Бүгінде мөрейтейға дайындық қызу жүріп жатыр. Университет ректоры, академик Ф.Мұтанов университетімізде аталған ауқымды шараға дайындықты қолға алып, ұжымға нақты тапсырмалар берген. Университетіміздегі әл-Фараби орталығы мен әл-Фараби музейі осы жұмыстардың жүзеге асатын бірден-бір маңызды орны. Бұл тұрғыда біздің басылымда әр нөмір сайын университетіміздегі әл-Фараби орталығының директоры, философия кафедрасының профессоры, фарабитанушы ғалым Жақыпбек Алтаевтың фарабитанудағы зерттеу мақалаларын жариялап тұруды бастап отырмыз.

«Қазақ университеті» газетінің редакциясы

**Орталық Азия, Қазақстан және бүкіл Шығыс халықтарының әлемдік ғылым мен мәдениет тарихында Фараб қаласының (Отырар, Оңтүстік Қазақстан) данышпан тумасы, ұлы ойшыл, философ, ғалым-энциклопедист әл-Фараби айрықша орынға ие.**

түрлі шикізат пен дайын өнімдерді халифаттың батыс бөліктеріне тасымалдау өте кең жүзеге асты. Мысалы, Бұхаралық және Мәруалық маталар Бағдат базарларында әйгілі болған. Самарқан IX ғасырдың өзінде қағаз өндірісінің ірі орталығы болған және X ғасырда Самарқан қағазы ең сапалы болып есептелген. Ферғана тауларынан өндірілген орта азиялық темір оның орталығында өңделіп, одан жасалған бұйымдар Бағдатқа дейін жеткізілді. Ортаазиялық және қазақстандық асыл тастар үлкен танымалдылыққа ие болды. Сол уақыттағы керуен саудасы – Орталық Азия мен Қазақстанның халифаттың басқа елдерімен тұрақты экономикалық байланыста болғандығының дәлелі.

Бүгінгі таңда Қазақстанның оңтүстігінен 300-ден аса қолөнерші елді мекендер мен ортағасырлық қалалардың қалдықтары табылды. Қалалар әркезде де білім мен мәдениеттің орталығы болды. Мысалы, медресе Орталық Азияда пайда болды, кейін X-XI ғасырларда бүкіл мұсылмандық Шығысқа кең жайылды. Сонымен, әл-Фараби өмір сүрген дәуірде, бүкіл ортағасырлық Шығыста феодалдық қатынастардың қалыптасуы аяқталып, бірте-бірте өндіріс күштерінің жоғарылауы, қалалардың өсуі және осыған байланысты мәдениет пен ғылымның жандануы байқала бастады.

IX ғасырда орта азиялық және оңтүстік қазақстандық қалалар мен елді-мекендерден шыққан ғалымдар өздерінің еңбектерін тек араб тілінде жазды. Осы жерде хорезмдік Мұхаммед ибн Мусу әл-Хорезмиді (780-863 ж.) айта кеткен

«Әл-Фараби Аристотельдің «Физикасын» – қырық рет, «Риторикасын» – екі жүз, «Жан туралы» атты кітабын – жүз рет оқыған екен.

Неткен таңғаларлық еңбек!»

ГЕГЕЛЬ, немістің ұлы философы


жөн, оған алгебраның негізі мен ондық санау жүйесінің қалыптасуы тиесілі. Оның замандашы атақты астроном, Ферғана тумасы Ахмет ибн Мұхаммед әл-Ферғани грек идеяларының негізінде астрономиялық білімдердің қысқа заңдар жинағын шығарды. XII ғасырдың өзінде оның трактаты латын тіліне екі рет, кейін басқа да тілдерге аударылды. Әл-Ферғани туралы Данте хабардар болған және оның аты Еуропада XVIII ғасырға дейін жаңғырып тұрды. IX ғасырда Мәруа қаласының тумасы Хабаб әл-Хасиб математика саласында маңызды жаңалықтарға қол жеткізеді. Сонымен қатар Әбу Машар, Жафар және Мұхаммед әл-Балхи секілді астрономдар мен математиктердің есімдерін атап өткеніміз орынды. Орталық Азия мен Қазақстан жерінен шыққан медициналық, химиялық, тіл ғылымы және т.б. трактаттардың, тарихи, географиялық шығармалардың авторларының есімдері де белгілі. IX ғасырдың өзінде Мәруа мен Балха қалаларында обсерваториялар салынған болатын. Жоғарыда аталған жайттардан әл-Фараби секілді тұлғаның бой көрсетуі кездейсоқ еместігі айқын.

Кеңес ғалымдары өздерінің ауқымды жұмыстарын Отырар оазисінде атқарды. Себебі бұл оазистегі қалада ұлы ғалым Әбу Насыр әл-Фараби дүниеге келді.

Жазба нұсқалар IX-X ғасырлардағы Отырар оазисі туралы толық мәліметтер бермейді. Ол кезде ол Испиджабтың аумағына кіретін болған. Испиджаб қаласын «адамдардың молдығы мен кеңдігі» арқылы аймақты атай отырып, сол заман өкілдері оның айналасында көптеген қалалар мен елді мекендердің болғандығын хабарлайды. Хғ. «Худуд әл-ғалам» географиялық шығармасының авторы Испиджаб қаласының жақын маңындағы шағын Фараб аумағы туралы, оның басты елді мекені – көпестер жиналған орын – Кедег (Кадир) екендігін және ол жерде жауынгер әрі батыл халықтың мекендейтінін жазды.

Осылайша, Оңтүстік Қазақстанда, Отырар – Фараб аумағын қоса алғанда, IX-X ғасырларда қала өмірі екініңді дамып, үлкен құрылыстар жүргізілген, ірі сәулет ансамбльдері құрылып, қолөнер жанданды.

# Әл-Фараби ислам өркеніетінің тарихында



Әл-Фараби Орталық Азия мен Қазақстанның жоғары деңгейдегі ежелгі және ортағасырлық өркеніетінің жемісі болып қана қойған жоқ; оның шығармашылығында Мысыр, Сирия, Иран, Ирак, Солтүстік Африка халықтарының мәдениеті мен ғылыми жетістіктері баяндалған. Фараби Үндістан мен антикалық әлемде жасалған барлық нәрсенің ұлы мұрагері болды.

Сирия басшысы Хамдани Сайф ад-Даула әл-Фарабидің қамқоршысы болғандығы белгілі. Осылайша, әл-Фараби шығармашылықпен айналысқан кезеңде Араб халифатындағы ғылым мен мәдениеттің дамуы салыстырмалы түрде жағымды жағдайда өтті. Осы кезеңге әл-Кинди, Ибн Кутайба және дәрігер, химик, математик, философ ретінде танылған Әбу Бәкір Мұхаммед ибн Зака-рия ар-Рази секілді ірі ғалымдардың іс-әрекеттері жатады. Кейінірек,

ұғымдар мен анықтамалар теориясынан және пайым, дәлел, қорытынды теориясынан тұрады. Оның мақсаты – дәлелдерді зерттеу. Әл-Фарабидің логикаға үлкен мән беруі, сол заманның жаңашылдығы болды.

Әл-Фарабидің «халықтар» ұғымына берген анықтамасы да қызық. Оның пікірінше бір халық екінші халықтан екі нәрсемен: табиғи әдет-ғұрып пен табиғи қасиеттер және тіл мен ерекшеленеді. Халықтардың бұл әдет-ғұрыптары мен қасиеттері географиялық ортаның әсерімен қалыптасады. Әл-Фарабидің бұл тезисін әрмен қарай ортағасырлық Тау Шығыста тарих философиясының негізін салушы Ибн Халдун (XIV ғ.) дамытты.

Тау Шығыс пен бүкіл әлем философиясының тарихында әл-Фарабидің алар орны қандай? Фараби еңбектері бірінші рет қай кездерде аударылды?

Фарабидің еңбектері халифат мәдениетінің дамуындағы заңды кезең болып табылды. VIII ғ. өзінде-ақ мутазилиттер діни мәселелерді зерттеуге рационалистік принциптерді енгізуге тырысқан. Грек философиясынан хабардар болу ғылыми ойды философия аумағына қарай бағыттады.

Ортағасырлық Еуропа классикалық ежелгі грек философиясымен көп мөлшерде әл-Фарабидің арқасында танысты. XII ғ. ағымында оның «Ғылымдар классификациясы» еңбегі латын тіліне екі рет аударылды. XII ғ. мен XVII ғ. аралығында әл-Фарабидің еңбектері – «Зерденің мәні туралы», «Мәселелердің бастауы», Аристотельдің «Физика», «Поэтика» шығармаларына түсініктемесі, «Бақытқа жету жолдары туралы», логика бойынша трактаттары бірнеше рет латын тіліне аударылды. Фарабидің кейбір трактаттары бізге тек латын жазбасымен жеткен, алардың араб тексіндегі қолжазбалар сақталмаған.

Фарабидің еуропалық ғылымға ықпалы оның Ибн Сина, әсіресе, Ибн Рушд секілді ізбасарлары арқылы да жүзеге асты. Аверроизм XIII-XIV ғасырларда прогрессивті француз және италиян философиясының негізі болды. Батыс еуропалық ортағасырдың ірі ойшылдары Р.Бэкон, Д.Скот әл-Фарабидің, Ибн Синаның, Ибн Рушд және т.б. ғалымдардың шығармаларын өздерінің теориялық құрылымдарында қолданды. Спинозаның кейбір трактаттарының бағыттылығы мен құрылымы жағынан Фарабидің еңбектеріне жақындығын айтуға болады. Осман Әмин әл-Фараби мен Спиноза трактаттарының анықтамаларының да ұқсастығын айтады.

Қорытынды жасап, былай айтуымызға болады: белгілі шығыстанушы ғалым Бобожан Ғафуров Шығыста Аристотель әл-Фарабидің арқасында Аристотель болды дейді. Ортағасырлық Еуропа ежелгі грек философиясымен оның еңбектері арқылы танысты (тікелей немесе оның ізбасарлары Ибн Сина, Ибн Рушд, Маймонидтің еңбектері арқылы). Фарабидің философиясы оның шығыстағы ізбасарларының еңбектерінің арқасында байып, латын аверроистері арқылы өтіп, Еуропалық Қайта өрлеу дәуіріне өз үлесін қосты. Осылайша әл-Фараби ислам өркеніетінің тарихында еркін ойлардың таралуына негіз жасады.

**Жақыпбек АЛТАЕВ,**  
философия кафедрасының  
профессоры, филос. ғ.д.,  
әл-Фараби орталығының директоры

ҚазҰУ-дың спорт кешенінде тұңғыш рет университетіміздің 85 жылдығына орай

«Қазақ университеті барсы» атты студенттер арасында қазақша күрестен жарыс өтті

## В ДИАЛОГЕ С МОЛОДЕЖЬЮ

На юридическом факультете КазНУ им. аль-Фараби прошла встреча министра внутренних дел генерал-лейтенанта полиции Ерлана Заманбековича Тургумбаева со студентами.



Меморандум о сотрудничестве, заключенный между Министерством внутренних дел Республики Казахстан и КазНУ положил начало содержательному общению и взаимодействию, в рамках которого проходят интересные встречи и мероприятия, обогащающие студентов теоретическими и практическими знаниями и навыками. На этот раз честь выпала студентам 3-го курса специальностей «Правоохранительная деятельность» и «Юриспруденция».

С большим интересом они приняли участие в беседе, выслушали доклад министра внутренних дел. Он рассказал о реформах в МВД РК, раскрыл вопросы ведомственного образования, прояснил ситуацию с сокращением учебных центров с целью оптимизации системы учебных центров. В результате подготовку полицейских будут осуществлять в Алмагинской, Карагандинской, Костанайской академиях, Актюбинском юридическом институте и Шымкентском учебном центре. В Карагандинской академии акцент будет сделан на подготовке следователей, которых не готовят больше ни в одном вузе.

Мотивируя студентов, Ерлан Заманбекович отметил, что в этом году полицейским в зависимости от служебной деятельности повышена зарплата, предусмотрена оплата арендного жилья, есть особое пенсионное обеспечение, дающее право на выход на пенсию по выслуге лет, а также принимаются другие меры по повышению социальной поддержки сотрудников. «Без улучшения социальной защиты и материального вознаграждения невозможно повышать требования к сотрудникам», - отметил Е.З. Тургумбаев.

Министр остановился также на проблемах и перспективах развития уголовно-исполнительной системы РК. В настоящее время ведется работа по улучшению правового положения, условий содержания осужденных; меди-

цинского обслуживания; цифровизации пенитенциарной системы; развитию производства, трудоустройству осужденных и их ресоциализации в обществе.

Ерлан Заманбекович говорил о том, что необходимо привлекать студентов для формирования положительного имиджа полицейских, проводить агитационную работу среди молодежи посредством социальных сетей с целью привлечения на службу в органы полиции. Взаимодействие с молодежью, является одним из приоритетных направлений работы сотрудников полиции. Нужны инициативные и активные граждане, т.к. взаимодействие с ними помогает раскрывать и предотвращать преступления, что очень важно не только для поддержания правопорядка, но и формирования активной гражданской позиции подрастающего поколения.

В завершение встречи Министр внутренних дел Республики Казахстан Е.З. Тургумбаев ответил на все интересующие вопросы студентов и пригласил выпускников на службу в правоохранительные органы, а также в учебные заведения МВД РК, где готовят будущих полицейских.

**А. ШАРИПОВА,**  
к.ю.н., доцент кафедры уголовного права, уголовного процесса и криминалистики

## 20-ЛЕТИЕ СПЕЦИАЛЬНОСТИ «РЕЛИГИОВЕДЕНИЕ»

В КазНУ им. аль-Фараби прошла международная научно-практическая конференция «Современное состояние и перспективы развития религиоведения», посвященная 20-летию специальности «Религиоведение».

В работе конференции приняли участие ректор Университета иностранных языков и деловой карьеры Сабри Хизметли, проректор Египетского университета исламской культуры «Нур-Мубарак» Кайрат Курманбаев, Генеральный Консул Республики Таджикистан в Республике Казахстан Назир Баходур, Консул Республики Кыргызстан в Республике Казахстан Кайратбек Жакыпов, заместитель руководителя управления общественного развития г. Алматы Айдар Есенбеков, представители научно-исследовательских институтов, руководители центров по профилактике и предотвращению религиозного экстремизма, члены Клуба лидеров религиозных объединений г. Алматы, профессора и преподаватели зарубежных и отечественных вузов, молодые ученые, представители СМИ и мн. др.

На пленарных и секционных заседаниях конференции были рассмотрены темы преподавания религиоведения в системе среднего и высшего образования, религиоведение как новое направление науки независимого Казахстана, междисциплинарность исследований, эффективность религиоведения в реализации государственной политики в сфере религии и перспективы развития. В рамках мероприятия состоялась презентация первого в Казахстане «Музея истории религий».

В ходе заседания конференции были озвучены поздравления зарубежных и отечественных коллег и гостей с 20-летием специальности «Религиоведение». Лучшие

студенты и молодые ученые, достойно представившие КазНУ в учебной, научной и общественной жизни страны, были награждены грамотами и благодарственными письмами.

Следует отметить, что в 1999 году в стенах КазНУ имени аль-Фараби впервые началась профессиональная подготовка специалистов «Религиоведения». В подготовке специалистов важное значение играют труды профессоров Б.К. Кудайбергенова и М.С. Орынбекова.

За 20-летний период «Религиоведение» плодотворно развивалось и успешно проводились разного рода исследования. Сегодня накоплен большой опыт, заключены международные договоры с научно-образовательными учреждениями и организациями по взаимному обмену. Религиоведы высоко ценят значимость интеграции в мировое образовательное пространство.

Во время конференции участники обсудили методологические и практические проблемы религиоведческой науки и образования в контексте глобальных вызовов современности. Также были озвучены пути решения некоторых религиоведческих вопросов и построения исследовательских перспектив.

По итогам работы конференции приняты резолюции, которые будут направлены на рассмотрение религиоведов, руководителей государственных органов по вопросам общественного согласия, религиоведческих научных институтов и центров, образовательных учреждений.



## ENAGO ӨКІЛДЕРІМЕН СЕМИНАР ӨТТІ

Семинар әл-Фараби атындағы ҚазҰУ мен әлемдік ғылыми-зерттеу қоғамдастығы үшін ағылшын тілінде ғылыми жұмыстарды редакциялау бойынша қызметтерді жетекші жеткізуші – Enago компаниясы арасында жасалған келісім аясында өтті.

Әлемнің ең ірі аударма және редакторлық компанияларының бірімен ынтымақтастық ҚазҰУ ғалымдарына рецензияланатын халықаралық ғылыми журналдарда өз жұмыстарын жариялау мүмкіндігін айтарлықтай арттыруға мүмкіндік береді.

Семинар барысында ҚазҰУ қызметкерлері үш қолдау деңгейін ұсынатын Enago компаниясының академиялық аударма, баспа дайындығы және ғылыми-техникалық редакциялау сынды қызметтерімен танысты. Enago компаниясының әр түрлі пәндік салалардағы мамандар тобы ҚазҰУ-дың авторларына осы жұмыстарды жоғары



рейтингті журналдарда қабылдау және жариялау үшін қажетті ең қатаң стандарттарға сәйкес жұмыстарды дайындауға көмектеседі. Осылайша, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Scopus және Web of Science халықаралық деректер қорында индекстелген журналдарда оқытушы-профессорлық құрам мен студенттердің академиялық жазу деңгейін және жариялау белсенділігін арттыру саясатын жүзеге асыруды жалғастыруда.



В КазНУ прошла международная конференция «Храним прошлое, творим настоящее, создаем будущее», посвященная 70-летию со дня основания факультета философии и политологии



ҚазҰУ-да Ө.Жолдасбеков атындағы студенттер сарайында «Сұңқар» студенттер мен магистранттар кәсіподағының ұйымдастыруымен ҚазҰУ ректоры Ғалым Мұтанұлының «Айналанды нұрландыр» жобасы аясында «Сұңқар кубогы» Smart Student's Project чемпионатының маусымашар кезеңі өтті.

## «СҰҢҚАР КУБОГЫ» SSP ЧЕМПИОНАТЫ: МАУСЫМАШАР



кезеңі «Preface», яғни, командалардың сәлемдесуі арқылы бағаланды. Қатысушы командалар «Саналы ұрпақ – жарқын болашақ» тақырыбында әзіл өрбитті. Бұл кезең астарлы әзіл, салмақты сөздер арқылы залдағы көрермендерге ой тастап, ерекше әсер қалдыра білді. Қатысушы командалардың, яғни, жастардың қоғамда болып жатқан оқиғаларға бей-жай қарамайтындығы осы кезеңде айқын көрініс тапты.

Сайыс қорытындысы бойынша, «Smart Student's Project» чемпионатының маусымашар кезеңінде бақ сынаған он бір команданың сегізі жартылай финалдық кезеңге жолдама алды. Сонымен қатар,

командалар ұйымдастырушылар алқасы дайындаған бірнеше номинациялардың иегері атанды. Атап айтсақ, «Ең үздік креативті видео» номинациясымен география және табиғаты пайдалану факультетінің «Қызық» командасы марапатталып, «Zheka's doner house» мейрамханалар желісінің арнайы сертификатына ие болды. Жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар болып, ерекше әзілдерімен көзге түскен «Мехмат» құрама командасының ойыншысы Айтжанов Әділет «Mister SSP» номинациясын иемденіп, «Pro English» ағылшын тілі орталығында бір айлық тегін оқу мүмкіндігіне және «Rewizard.Co» шаңғы тебу орталығының

сертификатына қол жеткізсе, «Miss SSP» номинациясын иемденген «Қызық» командасының ойыншысы Үсенова Аяжанға «Pro Element» сұлулық салонына, «Pro English» ағылшын тілін оқыту орталығына бір айлық тегін сертификат табысталды. Сондай-ақ, сүйікті командасын қолдап, ерекше қошемет көрсеткен көрермендер де марапаттан құр қалған жоқ. «Үздік жанкүйер» номинациясына ие болған физика-техникалық факультеті арнайы алғыс хатпен марапатталды.

2019-2020 оқу жылындағы «Сұңқар кубогы» Smart Student's Project чемпионатының жартылай финалдық кезеңінде «Көмек», «Элита», «Физтех», «Мамасының балалары», «Мехмат», «Қызық», «Brand», «IT» командалары бақ сынайтын болады.

Осылайша, ҚазҰУ тарихында дәстүрлі түрде ұйымдастырылатын «Сұңқар кубогы» Smart Student's Project чемпионатының 2019-2020 оқу жылындағы маусымашар кезеңі жоғары деңгейде өтті деуге негіз бар. Әзіл әлеміне қанат қаққан ҚазҰУ қарлығаштары, ең белсенді, ең креативті жастар бас қосатын айырықша жоба алдағы ағымда жалғасын таба бермек.

Нұрсәуле ИДАЯТ,

«Сұңқар» студенттер мен магистранттар кәсіподағының пиар-менеджері

ҚазҰУ командасы Қытайдың Сиань қаласында өткен Жібек жолының Робототехникадағы инновациялар байқауына (SRRIC) қатысып, дипломмен марапатталды.

## ҚазҰУ роботы Қытайдағы байқауға қатысты

Бұл байқауға әл-Фараби атындағы ҚазҰУ командасы, профессор Ж.Байгунчековтың жетекшілігімен «Robot Humanoid Ai-Gerim» жобасын ұсынды.

Механика кафедрасының докторанты Б. Аманов, оқытушысы Б. Сағитжанов, 3-курс студенттері Азия Заманбек пен Рахымжан Заңғар құрастырған робот - гуманоид әлеуметтік робот болып табылады. Ол физикалық мүмкіндіктері шектеулі адамдарға жұмысқа орналасуда көмектесетін бірқатар функцияларды орындайды. «Айгерім» роботының ерекшеліктері - дизайнның қарапайымдылығы, бағасының арзандығы және Wi-Fi байланысы арқылы мүмкіндіктері шектеулі оператор-адамдардың қашықтықтан басқара алуында.

Айта кету керек, 2019 жылғы 17-20 қыркүйек аралығында Қытайдың Сиань қаласында Жібек Жолы университеттері Альянсының

келесі Оқиғалары өткен болатын: Жібек Жолы университеттері Альянсы Президенттерінің форумы 2019 (UASR 2019) және Жібек жолының Робототехникадағы инновациялар байқауы 2019 (SRRIC).

Жібек Жолы Университеттерінің Альянсы Президенттерінің Форумында (UASR 2019) біздің университетті «Сандық технологиялар және Робототехника» ҒБО директоры, механика кафедрасының профессоры, ҚР Ұлттық ғылым академиясының академигі Байгунчеков таныстырды.

Форум барысында өткен Жібек жолының Робототехникадағы инновациялар байқауына (SRRIC) 8 елден 29 жоба қатысты, оның ішінде біздің командамыз ұсынған «Robot Humanoid Ai-Gerim» жобасы да бар.

Д. ТУРАЛИНА,  
механика кафедрасы

## УРОКИ МАСТЕРА

Встреча с неординарным человеком, чьи суждения, творчество способствуют развитию казахстанской культуры, вызвала повышенный интерес как у студентов, так и у преподавателей университета. Это всем известный сценарист, автор многих книг, председатель правления Союза кинематографистов РК, режиссер фильмов «Келін», «Шал», «Кемпір», «Кенже», «Жат», «Хранитель» Ермек Турсунов.



Выпускник нашего журфака 1989 года Ермек Каримжанович позже окончил в Москве Высшие курсы сценаристов и режиссеров в мастерской В.С.Фрида. Ему во ВГИКе преподавали маститые режиссеры: Г.Данелия, Э.Рязанов, В.Мотыль, чьи фильмы являются классикой советского и современного кинематографа. Ермек Турсунов пожелал молодежи найти своих хороших учителей.

Он увлеченно рассказал о том, как создавалась его первая книга «Мамлюк» о легендарном правителе Египта султани Бейбарсе. Большая исследовательская работа предшествовала написанию сценария к фильму о мамлюке, который он мечтает воплотить в жизнь. Е.Турсунов делился впечатлениями о том, как его фильмы встречали в самых отдаленных уголках Казахстана. Готовится

к изданию его новая книга о народных традициях «Кара шанырақ».


Был отвергнут, раскритикован консервативными аксакалами, но любим и понят своим народом, оказывается на гребне успеха и получить всемирное признание, номинироваться на «Оскар» среди девяти лучших картин мира, - все это удалось пройти Мастеру. И не очень-то любит он кинофестивали, конкурсы, презентации, а предпочитает искреннего зрителя, который волнуется, плачет и смеется вместе с его героями. В этом весь Ермек Турсунов.

С. БАРЛЫБАЕВА,  
д.и.н., профессор факультета журналистики

На базе кафедры Дальнего Востока факультета востоковедения прошёл методической семинар для преподавателей корейского языка г. Алматы на тему "Методы подготовки студентов к сдаче экзаменов Torik"



## «СҰҢҚАР КУБОГЫ» SSP ЧЕМПИОНАТЫ: МАУСЫМАШАР



**ҚҰРЫЛТАЙШЫ:**

**РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:**

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректораты

**Бас редактор:** Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ  
**Тілшілер:** Айнұр АҚЫНБАЕВА, Қайыржан ТӨРЕЖАН, Светлана ӨМІРҒАЛИЕВА  
**Фототілші:** Марат ЖҮНІСБЕКОВ  
**Корректор:** Гүлмира БЕКБЕРДИЕВА, Ағила ШУРИЕВА

**МЕКЕНЖАЙЫ:**

050040, Алматы қ., әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.  
Байланыс телефоны: 377-33-30, ішкі: 11-94, тікелей: 377-31-48.

Электронды мекенжай: [kazuniver2016gazeta@gmail.com](mailto:kazuniver2016gazeta@gmail.com)

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. АҚ "Алматы-Болашақ" баспаханасында басылды.

Бағасы келісім бойынша. Таралымы 1000 дана. Тапсырыс: №1780

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.